«СӘУЛЕТ» КАФЕДРАСЫ

Юсупов А.Н., Лихачев Е.Н.

КОМПОЗИЦИЯ ҚҰРУ ӘДІСТЕРІ

5В042000 – «Сәулет» мамандықтары студенттері үшін «Сәулеттік композиция» және «Композиция» пәндеріне арналған

ОҚУ ҚҰРАЛЫ






ШЫМКЕНТ 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

«ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ КӨЛІК» ФАКУЛЬТЕТІ

«СӘУЛЕТ» КАФЕДРАСЫ

Юсупов А.Н., Лихачев Е.Н.

КОМПОЗИЦИЯ ҚҰРУ ӘДІСТЕРІ

5В042000 – «Сәулет» мамандықтары студенттері үшін «Сәулеттік композиция» және «Композиция» пәндеріне арналған

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Шымкент 2014ж.

ӘОЖ 72 (092)
КБЖ 85. 141 – 8 я 73
Ю 91

Юсупов А. Н. М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Лихачов Е. Н. Новосибирская Государственная архитектурно-художественная академия. Композиция құру әдістері./Оқу құралы.- Шымкент: М.Ауезов атындағы ОҚМУ, 2014ж., 209 бет.

ISBN 9965-857-54-7, қайта өңделіп толықтырылған, орыс, ағылшын тілдеріне аударылған.

Оқу құралында композиция құру мәселелеріне жаңа көзқарас берілген. Замана үрдістері сипатталып , композиция құру , сейсмикалық беріктік амалдары қаралды. Студенттер жұмысының үлгілері , саз балшықтан (пластилиннен) композиция түзу әдістері берілді.

Оқу құралы 5В042000-Сәулет мамандығының студенттеріне арналған

Пікір берушілер: Сәулет өнері кандидаты,профессор Садыков Н.И.

Сәулет өнері кандидаты, доцент Фармонов А.А.

Оқу құралы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралған және баспаға ұсынылған, хаттама № , «____» _____. 201__ж.

ISBN 9965-857-54-7

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 2014ж.

Мазмұны

Кіріспе…….....…….....

1. Үрдістер.…….....……..

1.1. Классика үрдісі...…….……

1.2. Постмодернизм.....

1.3.Конструктивизм……..…….…….....

1.4.Хай-тек……..…….…….....

1.5. Шығыс үрдісі (этносәулет және этнодизайн)…….....

2. Композиция бастауы……..…….....

3. Композициядағы элемент сандарының формаға ықпалы…….....…...

4. Композиция құру құралдары …….....…….....

5. Тапсырма (клаузура)…….....…….....

6. Модульдік торкөзді конструкциялар…….....……..…

7. Сейсмикаға берік формалар…….....……....

8. Композиция үлгілері…….....……....

Әдебиет…….…….....……....

Содержание

Введение .....
1.Архитектурные стили .....
1.1.Классический стиль.....
1.2. Конструктивизм.....
1.3. Постмодернизм.....
1.4.Хай-тек.....
1.5.Восточный стиль.....
2.Методы построения композиции.....
3.Влияние количества элементов на композиционное решение формы.....
4.Средства (инструменты) построения композиции.....
5.Задание для выполнения клаузуры.....
6.Модульные конструкции.....
7.Сейсмоустойчивые формы.....
8.Примеры построения композиции.....
9.Приложения.....
Литература.....

Content

Introduction.....
1. Architectural styles.....
1.1.Classic style.....
1.2. Constructivism.....
1.3. Postmodernism.....
1.4. Hi-tech.....
1.5. East style.....
2. Methods of composition design.....
3. Influence of quantity of elements on the composition decision of the form.....
4. Means (tools) of composition design.....
5. Task for clausur carrying out .....
6. Modular designs.....
7. Seismostable forms.....
8. Examples of composition design.....
9. Appendixes.....
Literature .....



2 курс студенті Т.Ирисметова, оқытушы: В.В.Добровольская, ОҚМУ

Кіріспе

«Сәулет» мамандығын дайындауда «Сәулет композициясы» пәнінің орны бөлек, өйткені осы пәнде болашақта жобаланатын ғимараттардың сәулет-көркемдік ерекшеліктері қаралады.

Президентіміз Н.А. Назарбаевтың жолдауы елімізді дамыған отыз ел қатарына қосу мәселесі сәулетшілерге негізгі бағытты айқындап отыр. Ол – үй, ғимараттар, кешендер, алаңдар т.б. сәулеті мен келбетін әлемдік деңгейде жобалау, оларды туризм нысандары қатарына қосу.

Осы себепті аталмыш оқу құралы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде дайындалып, халықаралық деңгейде орындалды. Авторлары: Юсупов А. Н. (М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті), Лихачов Е. Н. (Новосибирская Государственная архитектурно-художественная академия).

Жаңа XXI ғасырда әдістемелік оқу құралдарының дамуына тек ғылым мен техниканың ілгерілеуі ғана емес, жастардың информациялық технологиялар негізінде қалыптасқан жоғары санасы және дамыған елдерге еркін барып келу мүмкіндігі де ықпал етіп отыр. Сондықтан ескі ғасыр әдістемелері бүгінгі күннің талабына толық жауап бермейді. Қазіргі жастардың жоғары санасы мен олардың үлкен талаптары, аталмыш оқу құралын дайындауға себеп болды.

Бұл еңбегімізде біз, біріншіден, Қазақстан дәстүрлі сәулетінің әлемдік сәулет өнеріне қосқан үлесін атап көрсеттік, мысалға, әлемдегі алғашқы күмбезді ғимарат Қазақстан жерінде табылып, ол бүкіл әлемдік сәулет өнеріне орасан зор ықпал еткен (7-ші бет).

Екіншіден, туризм ұлттық мәдениетке негізделеді, сондықтан сәулет өнерін ұлттық дәстүрге сай дамыту жолдарын баяндадық.

Үшіншіден, талапкерлер мен студенттерге әуел бастан сәулет өнері мәселелерін ашып айтып, олардың шығармашылық, курстық диплом жұмыстарының өміршен болуына, өндіріске енгізуге бір қадам болса да жақындатуға атсалыстық.

Классика үрдісі

Композиция түзу барысында оларға қосымша құрылыс өлшемдерін, негізгі құрылыс элементтерін көрсетіп, сейсмикалық беріктіктің формаға байланысты болатын жайттарын баяндадық. Композиция түзу алдында тарихи пішіндерге, символдарға т.б. назар аударуға, элементтер санын реттеуге көңіл аударды.

Қолтумалық жұмыстарды алдын саз балшықтан (пластилин) дайындап, үш өлшемде ешқандай шектеусіз элементтерден түзуге мән берілді, бұл студенттердің шығармашылық шабытын қарқындата түсті, оны аталмыш кітаптан оқып білесіздер.

Қазіргі кезде сәулет өнеріне ықпал етіп отырған бес үрдіс бар; соларды атап өтейік:

1) классика үрдісі
2) постмодернизм
3) конструктивизм
4) хай-тек
5) шығыс үрдісі (этносәулет, этнодизайн)

Сіздер бүкіл әлем тарихынан оқып білдіңіздер: классика үрдісі XVII-XIX ғасырларда қалыптасқан бағыт, бұл бағыт Көне Грекия мен Көне Рим сәулет өнерін керемет үлгі етіп алды. Классика үрдісі Европа өнеріне ықпалы орасан зор болды (Париж, Берлин, Санкт- Петербор).

Классикалық үрдістің алғашқы үлгілері ретінде Көне Грециядағы Парфенон кесенесін атайды (б.э.д Vғасыр) Ғимарат ұстындар мен арқалықтардан тұрады. Бүкіл әлем тарихынан оқығандарыңдай, ондағы негізгі элементтері дорика, ионика және коринф капителдерімен безендірілген бағаналар болды. Олар ғимаратқа сән-салтанат беретін.

Рим мемлекеті, Грекия сәулет өнерін мұрагері ретінде сабақтастықпен дамытқаны тарихтан мәлім.

Рұмдықтар Грекия сәулет өнеріне күмбезді қосты, күмбез олардың ғимаратына асқақтық берді. Бұл арада айта кететін жайт, әйгілі кеңес археологы, Орталық Азия тарихының атақты ғалымы, археолог С.П.Толстов 1958ж Қызылорда облысы Баланды өңірінде өте көне күмбезді ғимаратты зерттеп, аса маңызды ғылыми тұжырым жасады – бұл дүние жүзіндегі ең тұңғыш салынған күмбезді құрылыс нысаны екенін дәлелдеді С.П.Толстовтың зерттеуі бойынша Баланды диаметрі 18 м дөңгелек формалы кесене (2): Сырты дөңгелек пішінді галереядан, ортасы дөңгелек пішінді бөлмеден тұратын күмбезді кесене атақты адамдарды жерлеуге арналған. Күмбез диаметрі 3,5 м. С П. Толстов бұл ғимаратты б.д.д. IV-II ғ.ғ. жатқызады. Оның дерек дәйектері бойынша бұл күмбезді ғимарат румдықтардан кемінде 100 жыл бұрын жаратылған, ал румдық ғалым Витруви күмбездер туралы б.д.д. I ғасырда ғана жазған. Мәшхүр ғалым С.П. Толстов румдықтар күмбезді сырттан алып пайдаланған, өйткені олардың сәулет өнері тарихында күмбез формасының

эволюциясы жоқ, ал көшпенділерде (қазақтарда) бұл эволюцияның схемасы бар екенін атап айтқан. (24).

Бұл кітаптың авторы 1984 жылы жазда негізін
С.П. Толстов құрған экспедицияға қатысып, белгілі ғалым В.Л. Левинаның көмегімен Қызылорда облысының тарихи мәдени ескерткіштерінің картасын сызған болатын (Қосымша, Баланды жебемен көрсетілген 95 бет).

Автор 1985 ж. бұл тарихи-мәдени және табиғат ескерткішерін қорғау – арготуризм кеншарларын құру туралы ғылыми еңбек жазды (қосымша).
Баланды күмбезді ғимараты атақты адамдарды жерлейтін орын еді. Ал Румдағы алғашқы күмбезді нысандардың бірі Пантеон да осындай мақсатта салынған кесене болды. Төбесінде шаңырақ сияқты дөңгелектен жарық түсетін. Одан кейінгі кездегі ғимараттарды ескере отырып, көшпенділер сәулеті өнерінің Европа мен Америка классикалық сәулет өнеріне ықпалы зор болды десек болады.

Постмодернизм

Постмодернизм үрдісі XX ғасыр соңында қалыптасып, классик үрдісінің негізгі әсерлі элементтерін пайдаланды. Мұнда сәулетші-декоратор қызметін атқарды, оның мақсаты: театр сахнасын безендірушісі іспеттес көзге түсер, ғимараттар салу болды. Мысалы, дорикалық бағана сияқты үлкен ғимараттар жобаланды. Классиканың конструкциялық элементтерді сәулетші кез келген үйлесімде қолданды, ашық түстерге бояды, негізгі мақсат – көз тартарлық, тамаша, елең еткізетін ғимараттар салу болды. Посмодернизм классикалық үрдісті масқаралау дейтіндер де бартын. Қанша айтқанмен, кезінде аталмыш үрдіс жұрттың қалауы болды. Бұл үрдісте жарқын із қалдырған сәулетшілер Бофил, Мур т.б. еді.

Постмодернизм жырауы Д. Дженис оның негізгі сипаттарын былай жазады:

- форманы тарихқа негіздеу формаға әдетте тарихи пішіндер береді;
- жергілікті үрдістерге жаңаша көзқарас және олардың ерекшілігін ескеру;
- концептуалдық нақты салынатын жерге жағдайына мұқияттылық, зейндік;
- сәулеттік форма өзгерістеріне (метофора) айрықша көзқарас, сәулеттің көркем (тіліне) мұқият қарау;
- сәулет кеңістігін арнаулы (ойнақы театрланған, кейде құпиялы) түрде шешу;
- идеяны бір жерге жинап, кульминациялап көрсету, ескі заман сәулетін қайта жандандыру – кардиналды электизм

Белгілі американдық сәулетші Ф.Джонсон тектониканың үш бөлекті схемасын (тұғыр-негізгі көтеретін орта бөлігі – биік шекелігі) биік ғимаратқа қолданды. Оның 1978ж салған офис ғимаратында тұғыры мен, биік шекелігі өткен ғасырлар сәулет өнерінен алынған.

Конструктивизм

Әрқилы постмодернизм әлбетте халыққа өте түсінікті де қызықты (іздеу амалы) болды десек қателеспейміз.

Конструктивизм, оның бір - бағыты функционалды сәулет XX ғасырдың 20 жылдарында қалыптасты.

Бұл үрдістің бағытын анықтаған сәулетші ретінде Ле Корбюзьені атайды. Ол өзінің қысқаша тезистерінде келесі мәселелерге мән берді. Оның байқауынша заманауи кемелер мен аэропландар тек формасымен ғана көркем (Титаник). Мұнда декоративті элементтер жоқ (капительдер, карниздер, т.б.). Конструктивті элементтері тік геометриялық, пішінді, есік терезелері қарапайым, геометриялық пішінде.

Сонымен бірге функцияға бағынған форма да көркем (гидродинамика, конструктивтік беріктік, бөлмелердің функционалды байланыстары т.б.). Осы бейнелер арқылы Ле Корбюзье заманауи сәулет бағытын дөп басып көрсетті. Ғимарат ең алдымен формасымен тартымды болуы тиіс. Функция форманы анықтайды. Ол сонымен қатар жаңа үрдістің бес ережесін түзді.

Яғни Корбюзье жаңашыл бағдарлама түзіп, өзі қысқаша баяндап отырған:

1. Үй жер деңгейінен биікте, бағаналарда орналасуы тиіс; босаған бірінші қабат көгалдандыруға, автокөліктер тұрағына берілуі керек, сонда үй қоршаған табиғат ортасымен үйлесім табады.

2. Каркасты (бағаналы) конструкцияны қолдану ішкі бөлмелерді еркін жоспарлауға мүмкіндік береді, қажет болса бірнеше жылдан соң ішкі бөлмелерді жаңа талапқа сай қайта жоспарлауға болады.

3. Бағаналы конструкцияларға қабырғалар дәнекерленіліп жапсырылған болғандықтан, оларды әртүрлі композия түзіп, қолайлы орналастыруға болады.

4. Терезелерді қолайлы түрде горизонталды тізбектеп орналастыру – мұндай шешім қоршаған ортаны тамашалауға қолайлы.

5. Шатыр тегіс болуы тиіс, оны бау-бақша орналастыруға не өзге де қажеттіліктерге пайдалануға болады, үйдің шаршы ауданын арттыра түседі.

Бірқатар салған ғимараттарында (Рика вилласы 1923ж., Париждегі халықаралық көрме ғимараты 1925 ж., Гаршедегі виллада 1927 ж., Париждегі Швейцария студенттеріне арналған жатаққанада 1930-31 ж.ж. Корбюзье өзі жазған қағидаларын сақтап отырды.

Пуассидегі Савой вилласы (1931 ж.) Корбюзьенің қағидаларын өте айқын көрсетеді. Ол формаларды геометриялы түрде сызды, үйдің көлемін қолайлы мәшина сипатына келтірді. (27 бет)

Корбюзье сәулеттегі сериялы үйлер шығару әдісін қолдады, мәшине сияқты қолайлы жинақы үй салу оның мақсатына айналды. Ол әрдайым үй формаларын стандарттарға сай келтіруге, индустриалды үй салуға, қолайлы етіп сызуға ұмтылды. Ол соңғы техника үлгілерінен жаңашыл формалардың көркемдік бейнесін көре білді, техника - жаңа лиризм арнасы деп санады. Ле Корбюзье әрдайым техникаға тәуетететін суретші спеттес болды, ол

геометриялық формалардан, мәшине дәуірінің ерекшелігіне сай, жаңа сәулет тілін табуға бейім еді.
Оның бұл әрекеттері Голландиядағы 1917 ж. құрылған «Стиль» тобының ізденістерімен тұспа тұс келді (28 бет).
Бұл топтың бастамасында әйгілі сұңғатшы Пит Мондриан, сәулетші Геррит ван Ритвелд т.б. болды. Бұлар ғасыр басында Кубизм бағытында ізденістер жүргізіп, олар сұңғатта, сәулетте куб және қарапайым геометриялық формалардан әсерлі бейнелер жасауға атсалысты. Олардың жаңа әсерлі үлгілері қарапайым формалардың кеңістіктік және түстік шешімдеріне негізделген болатын, ал түс - кеңістіктік шешімдердің әсерін күшейту үшін пайдаланатын 1924 ж. Утретте салған тұрғын үй сәулетін Г. Ритвельд «Стиль» ережелеріне сай жүзеге асырды. Жазықтықтарды ассиметриялы орналастыра отырып жасалған тұрғын үй композициясы өзіндік жазықтығымен, тегіс шатырымен, темір балконның геометриялық қарапайым шешімімен әлемдік тарихқа енді.

Естеріңе Хрушев кезеңінінің үйлерін түсірейік, кеңес дәуірінде көптеген ғимараттар осы үрдісте салынды. Құрылымы қарапайым болғандықтан, зауытта жасалынып, құрылыс алаңында құрастырылды. Зауытта бөлек панелдерін, ірге тастарын, жуынар бөлмелерін, кабиналарын дайындады. Индустриалды әдіс қарапайым жұртты тұрғын үйлермен кеңінен қамтамасыз етуге септігін тигізді, өйткені тез арада ғимарат салуға болатын еді.

Біз тарихи мағлұматтарға сүйене отырып, конструктивизм үрдісі біздің дәуірімізге дейін қалыптасқан деп нақтылаймыз. Мысалға, Мысыр Пирамидалары конструктивизм үрдісінде салынған. Конструктивизм үрдісінде Криттегі Загора қаласының үйлері (б.д.д. 2000) жылдары салынған. Оны сол өнірден табылған қыш тақтайшаларға салынған суреттер дәлелдейді (32).

Хай-тек

Біздің пайымдауымызша, Хай-тек үрдісіне тән қасиет - ол екі жазықтықтан тұрады. Бірінші жазықтық - форма құрушы; ал екінші жазықтық конструктивті, мұнда конструктивтік жазықтық бір мезгілде көтергіш және сәндік-безегіш қызметтерін атқарады. Егер конструктивизм үрдісінде конструкциялар көзге түспейтін, тасада, жасырын орналасқан болса, Хай-текте олар касбетте орналасып, менмұндалап тұрады, олардың түйіндері безендіріледі, оларға эстетикалық үйлесілімділік беріледі. Мысалы, 1971-77 жж. Парижде салынған Помпиду орталығын алайық. Мұнда конструкциялар айқын көрсетіліп, сырттан тамашалауға арналған. (трубалар, су құбырлары, электр желілері, ауа суытқыш жабдықтар) касбетке шығарылған, ілмелі шыны қабырғалар сырттан анық көрінеді.

Сыртқы тік конструкциялар қиғаш тростармен тартылған, олар конструкцияға беріктік береді, ғимаратты өрнектейді және біріктіреді.

Келесі мысалға Шанхай банкі ғимаратын алуға болады, ол белгілі сәулетші Норман Фостердің туындысы (33 бет). Ғимараттың басты көтергіштері-8 тұғырлы мұнаралар және сегіз қабаттар аралығында орналасқан қиғаш фермалар. Бұлар ғимаратқа айқын ритм беріп тұр. Шыны терезелер жазықтығы конструктивті жазықтықпен үйлесімді жорасым тапқан.

Ғимарат касбетке шығарылған тік параллель көтергіш конструкциясымен, горизонталь арқалықтарымен (бұларға техно-бионикалық сипат берілген), лифтыларымен есте қалады.

Келесі үлгі ретінде Лондондағы SWISS-RE офисін атауға болады (64 бет). Көтергіш конструкциялары ретінде үшбұрышты ұстындар қолданған, оларға екі түсті шыны қабатты бітпес өрнегі секілді иіріліп жапсырылған. Ал жоғары қабат кереге сипаттас конструкциямен орындалған. Осы ретте атап айтсақ, бұл ғимараттың формасы Орта ғасырдағы Қазақстан мұнаралы сәулет ескерткіштерінің формасын қайталайды, олар Бек Ибравтың суреттерінде көрсетілген. Жоғарғы қабаттың конструкциялық шешімі, иірілген сыртқы пішін конструкциялары, киіз үй керегесі сияқты. Батыс сәулетшілерінің Казақстан тарихи сәулет формаларына «жиендік» жасайтыны (көшіретіні) туралы сәулетші

Б.Аширбаев айтқан болатын (22). Хай-тек – жоғары технологиялар, космостық – ракеталар заманының сәулет өнеріндегі көрінісі деуге болады. Конструктивтік элементтер: бағаналар, баспалдақтар, эскалаторлар, инженерлік коммуникациялар Хай-тек XX ғасырдағы жаңа технологияларды эстетикалық игерудің соңғы кезеңі, ал оның бастамасы 20 жылдардағы конструктивизм болатын.

Оның алдыңғы кезеңдерден айырмашылығы - оның өзіндік көрмелік жоғары техникалылығында, мұнда құрылыс конструкцияларды, инженерлік жүйелерді, жабдықтарды функционалды қолдану сәндік, театрлық әсерлеу дәрежесіне дейін көтерілді. Конструктивизмнен айырмашылығы, онда негізгі элементтері темірбетон мен шыны болса, Хай-текте метал конструкциялар мен шыны болды. Сонымен қатар, Хай-тек сәулет композицияларына ғимараттардың инженерлік жабдықтарын белсенді түрде қосады (ауа желдеткіш құбырларын, су құбырларын, труба құбырларын). Өндірістік кәсіпорындардың технологиясында әртүрлі инженер жүйелерін түрлі түспен белгілеу әдісі бар. Хай-тек бұл әдісті қоғамдық ғимараттарда – композициялық бояу әдіс ретінде қолданды.

Іс жүзінде Хай-тек бастауы Д. Пекстонның XIX ғасырда салған «Хрустал сарайы» еді, ал оның жалғасы Мис ван дер Роэнің әмбебап ғимараттары болып саналады (33 бет). Бұл атақты сәулетші, функционалист ретінде жұмысын бастап, соңғы кезеңде 50-60 жж. функционалистке қарсы шықты. Функцияның ұзаққа созылмайтынын ескеріп,ол ғимараттың ішкі көрінісін кең етіп жоспарлады. Бұл әмбебап ғимарат функциясының өзгеруіне сай, тез қайта жоспарлауға мүмкіндік берді. Бұл үшін Мис ван дер Роэ кең арқалы, кең жабынды конструкциялық жүйелерді қолданды, олардың көтергіш конструкцияларын іштен сыртқа шығарды, оларды сыртқы көтергіш

бағаналарға бекітті. Бұл жерде айта кететін жайт, сәулет композициясын көтергіш темір конструкциялар құрды – кескінді металл конструкциялар (кең табанды екітаврлар, швеллерлер т.б)

Хай-тек бұл әдістердің мұрагері болып қана қоймай, оларды дамытып байыта түсті. Композицияда дәстүрлі көтергіш конструкцияларды – рама, фермаларды, каркастарды қолдаумен қатар, берік элементтерге тростар қосылды. Комбинациялы жүйелер іске асты, соңғылары көркемдік қызмет атқарады. Хай-текте, көтергіш конструкциялар жүйесінде, ашық кескіндер орнына жабық кескінді элементтер қолдана бастады (дөңгелек, төртбұрышты кескінді трубалар). Көбіне бұл конструктивті және эстетикалық талаптарға сай орындалды, композицияның техникаға икемділігін айқындау керек болды. Көбіне техникалық шешімі жоғары деңгейде екендігін көрсету үшін, сәулетшілер көтергіш конструкциялардың сыртқы өлшемдерін әсерлеп - үлкейтіп жобалады. Конструкциялардың түйіндерін зілмауыр көрсету (қажетті техникалық есептер көрсеткішінен үлкен етіп қолдану) Хай-текке тән қасиет десек, қателеспейміз.

Ғимараттың сыртқы көрінісін модернизациялау, айта кетерлік жайт, Хай-тек бейнесінің өзіне тән ерекшелігі. Хай-тек сыртқы қоршаған метал конструкцияларды ғимараттың қасбетінде прогресті түрде қолданды. Бұл ғимараттың қасбетін принципті түрде модернизациялады.

Алайда, Хай-тектің алғашқы, тұңғыш туындысы Париждегі Ж. Помпиду өнер орталығы болды. Ол сәулетшілер Р. Пиано және Р. Роджерс жобасымен 1972-1979 жылдары салынған. Өнер орталығын саларда жоба авторлары экспозициялық кеңістік құруды мақсат етті, Мис Вандер Роэ ережесін қолданды, бірақ жоба өзгеріп кетті. Ені 50 метрлік 6 қабатты ғимараттың әр қабаты 50 метрлік формалармен жабылған, сыртқы қабырғалар көрме ұйымдастыруға қолайсыз болды. Сондықтан, ғимарат ішінде қосымша жабық қабырғалар орналастырылған (витражды қабырғалардың ар жағында, бұл көрме ұйымдастыру үшін қажет болды). Ғимарат көлемі төртбұрышты болғанымен, оның бейнесі мен силуэтін, қасбет анықтығын, қалыпты жағдайдан көп қиғаш, тросты байланыстар «бұзып» тұр. Форма анықтығын бұлдырататын қасбетке шығарылған ішкі инженерлік труба құбырлары, қасбетті «бұзатын» диоганалды орналасқан пластик трубалар, мұнда эскалатор орналасқан. Алғашында ол сыртқы көрме қабатына кіру үшін жасалса, қазіргі кезде эскалатор тамашалау атракционы ретінде қолданылады, туристерге оның маңызы Эйфель мұнарасынан кем түсер емес.

Біздің ойымызша, Хай-тек өнерінің бастамасы Австралия көне тұрғындарының жануарларды рентгенографикалық тәсілде салған суреттері болды. Мұнда сурет екі кеңістікте көрінеді: бірінші- кеңістік балықтың контурын ,және фонын көрсетеді. Екінші кеңістікте балықтың қаңқасы салынған, бұл шешім форманың пластикалық ерекшелігін айқындайды (34 бет).

Хай-тек өнерінің тарихи бастамасы – қазақ киіз үйінің құрылысы десек болады. Мұнда өнер туындысы екі кеңістіктен тұрады. Бірінші кеңістік - киіз

жазықтығынан, екінші кеңістік - кереге, уық, шаңырақ конструкциясынан тұрады. Киіз үй өнер туындысын іштен тамашалағанда, осыған көз жеткізуге болады. Қорыта айтсақ, заманауи сәулет өнері тарихи тәжірибеге сүйенгенде ғана шынайы қайталанбас өнер туындысы жаратылады.

Шығыс үрдісі

Шығыс үрдісіне тән - ғимараттардың пластикалық , сұлу формалары силуеттері, күмбезді конструкцияларды кең қолданғанның арқасында жүзеге асқан. Бұл конструкциялар пластикасы бір ғимаратқа ғана емес, бүкіл сәулет ансамбліне ықпал етеді. Шығыс сәулет өнерінің кереметтері – дүние жүзіндегі тұңғыш күмбезді ғимарат Қызыл-орда өңіріндегі Баланды, Түркістандағы Қожа – Ахмет Яссауи кесенесі, Үндістандағы Таджмахал, Испаниядағы Кордова сәулет ансамблі, Самарқандағы Регистан сәулет ансамблі т.б. күмбезді конструкциялар негізінде салынған. Баланды ғимаратының кереметі оның күмбезді болуы ғана емес, күмбезге тіреу болатын айналмалы галереясы. Күмбездің тұғыры ретінде алғашқыда дөңгелек қабырға қолданса, кейіннен құрылыс өнері дамып төртбұрышты қабырғалар қолданды (14). Күмбезді ғимарат жобасының дамуына байланысты (ішкі көрінісі) күмбез орналасқан, тұғыр қабырғалар ішінен бос кеңістіктер қалдыру үшін арқалар өрген, бұл шешім үйдің ішкі көрінісіне, сонымен қатар бүкіл конструкцияға жеңілдік, көрік берді. Төртбұрышты тұғыр бөлмелерді біріктіріп, көп күмбезді ішкі көрінісі кең ғимараттар салынды (36 бет).

Шығыс сәулет өнерінде оның модульдік өлшемі кез деп аталды. Мысалы Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде бір кез 60,6 сантиметрге тең. Бұл бүкіл ғимаратқа геометриялық үйлесім берді. Конструкциялық ұтымды әдістер дамыды, бұлар күмбез бен итарқалардың пішіміне әсер етті. Сүйір итарқалар, күмбездер конструкцияны жеңілдетті, зілзалаға оның беріктілігі артты, бұл зілзала аймағында орналасқан Қазақстан, Орталық Азияға аса қажет еді. Модулді кезді қолдану, күмбезді ғимаратқа тән сыртқы ығыстыру күштерін тұғыр қабырғаларға тарқату, құрылыс өнерін дамытты, математиканы, оның ішінде геометрияны сәулет өнерінде қолдану әдістері дамыды (36 бет).Шығыс үрдісі сәулет өнері мен ұлттық ерекшелікті айқындауға жол ашады, оған дәлел - Астананың құрылыс нысандары десек, қателеспейміз.Күмбезді зәулім ғимараттары, мұнаралар мен өрнекті, көгілдір күмбездермен, сәндік өнерімен ерекшеленетін Түркістан, Сайрам, Тараз, Бұхара, Самарқанның туристерге тартымдылығы қазіргі жаңа қалалардан орасан артық екені аян.(Жалғасы 39-бетте) Мұндай жай шетелдер мәдинетіне де тән. Мысалы, шығыс үрдісін молынан қолданған Испан сәулетшісі Антонио Гауди еңбектерінің (1852-1926) туристерге тартымдылығы, заманауи сәулет негізгін қалаушы Ле Корбузьеден көш ілгері, қазір Алматыдан Барселонаға арнаулы туристік бағытпен ұшақтар қатынайды, олардың тамашалайтыны – А. Гаудди салған ғимараттар ансамблі. Шығыс үрдісінің зор мүмкіндіктерін атап көрсету үшін Испан сәулетшісі А.

Гаудидің шығармашылығына қысқаша тоқтала кетеиік. 1883-85 жылдары Гаудиге ықпал еткен жоғары сәулет оқу орны профессоры Жозепе Виласки болды, ол сәулет өнерінде қол өнердің (сәндік өнердің) элементтерін кеңінен қолдану туралы көп насихаттады. Испаниядағы ең тартымды өнер - Мудехар үрдісі болатын (Пириней бұғазында тұратын мұсылмандардың керемет сәулет өнері), олар Шығыс пен европа өнерін үйлестіре білді. Тіпті Мудехар өнерін испан ұлттық өнерінің бастауы болды деген ресми пікір қалыптасқан. Гауди Мудехар өнерін қолдана отырып, Эль Каприччо және басқа да виллалар салды. Гаудидің кейбір сәулет детальдары Ол жұмысты бастамас бұрын қажетті форманы көре біледі. Қайта өрлеу дәуіріндегі Флоренция ұсталарының бәрі теміршілер еді, олар тегіс жерге керемет форма беретін тұлғалар болды». Гауди қол өнер ұстасы еді. Ол сынған керамикалардан мозайка түзу әдісін ойлап тапты. XX-ғасыр басында ол – шабытты жаңашыл құрылысшы қасиетін, суретші әсершілігімен қоса шыңдай білді. Оған дейін конструкциясы бір бөлек, сәндеуі бір бөлек болып келген Гауди ғимараттарына жан бітіп, оның формаларында ғажайып бірлестік пайда болды. Жоғары самғаған керемет ғимараттарға үндесе қаланған тастары табиғат жаратқандай әсерлі болды. Ол өмірінің соңына дейін Саграда Фамилия католик шіркеуін салып өтті,оның құрылысы ары жалғасуда. Бұл шіркеу үшін ол Готикаға бүкіл Шығыс үрдісінің, өнерін төкті. Готиканы ол аса сүйетін, оның безендіруі қарапайым деп қынжылатын; «Үш ғасырдан» бері дамыған Готика өнерін жандандыру бір адам үшін аса ауыр міндет, бірақ оны біз бастауымыз керек дейтін А.Гауди. Қазіргі кезде Гауди нысандары Юнеско тарапынан бүкіл әлем сәулет өнері кереметтері ретінде тізімге алынған, туристер құжынаған ордаға айналды.

Композиция бастауы

Кеңістікті-көлемді композиция - ғимараттар сәулетінің негізі болып саналатыны мәлім. Бұл тараудың мақсаты - ерекше дүниетанымды сәулет дизайнерлік шешім табу үшін (студенттерге) көмектесу. Сәулет әдістемесінде композиция түзудің сан қилы әдістері бар: тарихи формаларды негізге алу, геометриялық комбинаторика, бионика, символдар қолдану т.б. Бұл жерде біз негізінен композицияда тарихи формаларды қолдану туралы баяндаймыз. Сәулетшілердің көп томдық жахан сәулет өнері тарихын іздеп оқитыны, қызықты әсерлі композициялық шешімді қайта қолданатыны белгілі, өйткені тарихи ғимараттың көркемдік шешімі ғасырлар бойы қалыптасқан, жұртшылық оны мойындаған, құрылыс-технологиясы дамыған. Мысалы Пизан мұнарасы қиғаш ерекше орналасқаны үшін дүние жүзіне мәлім. Бұл форманың композициялық үстемдігін Ленин мінберін жобалау үшін кеңес дәуірі сәулетшісі Эль Лисицкий ұтымды пайдаланды. Ол метал конструкциялардан жасалып, қиғаш орналасқан, конструктивизм үрдісінде жасалған. Бұл жерде Эйфель мұнарасының композицияға ықпалы көзге оттай басылады, Лениннің алға ұмтылған (жалғасы 51 бетте)

Қорытынды

Жаңа XXI ғасырда әдістемелік оқу құралдарының дамуына тек ғылым мен техниканың ілгерілеуі ғана емес, жастардың информациялық технологиялар негізінде қалыптасқан жоғары санасы және дамыған елдерге еркін барып келу мүмкіндігі де ықпал етіп отыр. Сондықтан ескі ғасыр әдістемелері бүгінгі күннің талабына толық жауап бермейді. Қазіргі жастардың жоғары парасаты мен олардың үлкен талаптарына аталмыш оқу құралын дайындауға себеп болды.

Бұл еңбегімізде біз, біріншіден, Қазақстан дәстүрлі сәулетінің әлемдік сәулет өнеріне қосқан үлесін атап көрсеттік, мысалға, әлемдегі алғашқы күмбезді ғимарат Қазақстан жерінде табылып, ол бүкіл әлемдік сәулет өнеріне орасан зор ықпал еткен. Екіншіден, туризм ұлттық мәдениетке негізделеді, сондықтан сәулет өнерін ұлттық дәстүрлі сай дамыту жолдарын баяндадық. Үшіншіден, талапкерлер мен студенттерге әуел бастан сәулет өнері мәселелерін ашып айтып, олардың шығармашылық, курстық диплом жұмыстарының өміршен болуына, өндіріске енгізуге бір қадам болса да жақындатуға атсалыстық.

Қолтумалық жұмыстарды алдын саз балшықтан (пластилин) дайындап, үш өлшемде ешқандай шектеусіз элементтерден түзуге мән берілді, бұл студенттердің шығармашылық шабытын қарқындата түсті.

Көптеген Қазақстан тарихи ғимараттардың жобалары, шетелдік сәулетшілер көшіріп алып отыр, нақты айтсақ, ұрлап жатыр. Студенттерге ұлттық өнерімізді жетік меңгеріп, сәулетіміз бен келбетімізді әлем деңгейіне өздері көтерсе деп үміт артамыз.

Техникалық-конструкциялық элементтерді жетік меңгеріп, олардың торкөздерін, модулін, құрылымын ұтымды пайдалану үшін конструктивтік шешімдерін көрсеттік.

Сейсмика мәселесін композиция құру барысында назарға алу маңызды, сол үшін сейсмикаға берік графикалық формулаларды (жоспары мен кесінділерін) бердік. Бұлар болашақ жобаға техникалық-экономикалық негіздеме жасау үшін керек.

ОҚМУ Техникалық институтының «Сәулет және дизайн» кафедрасында 2006 жылдан бері композиция түзу үшін арнаулы тапсырма беріледі. Тапсырманың мақсаты – студенттерге сәулет және сәулеттік орта дизайны мамандықтарының мәселелерін ашып айту, нақты мақсат қою.

Қазақстан сәулет өнерін дүниежүзілік деңгейге көтеру үшін, этносәулет, этнодизайн бағыттарын таңдау қажет. Қоршаған ортаға айрықша сәулет, көрік беретін ғимараттарды, нысандарды, ұлттық дүние танымымызға сай жобалау керек. Әрбір ғимарат және сәулет-дизайн ортасы қайталанбас дүние болып, техникалық эстетикалық әсері, оның жаңғырығы республика, қала берді жаһанға танымал құбылыс болғаны орынды. Осы бағытты айқындауға атсалыстық.

Қосымша
ЖЕТІ АСАР
А.Н. Юсупов Жібек жолы журналы №1-2 1993 ж.

«Заман-Қазақстан» еларалық газетінің № 4 санында «Жетіасар түркілердің ежелгі мекені» атты мақала жарияланған еді. Мақала авторы - Кете Шәкизада жәдігерліктердің тарихын тарата келіп, «біздің республикамызда Жетіасар тарихын зерттеуге талпынғандар болады, әттеген-ай» - деп өкінеді.

Кеңес дәуірінде Сыр бойында Жетіасар, Жент сияқты көптеген түркі дәуірі ескерткіштерінің маңына суландыратып, игергенде жәдігерліктерді қорғауға, ел игілігіне пайдалануға дұрыс мән берілмеді. Тіпті, олардың орналасу картасын жариялау мүлдем мүмкін емес еді.

Орта Азиядағы тың жерлерді суландырып игере бастағанда тарихи, мәдени және табиғат ескерткіштерін қорғау мен пайдалануды сәулеттік тұрғыдан шешу ниетінде едім. Сыр бойын суландыру мәселесі қаралып жатқандықтан Мәскеудегі Хорезм археологиялық-этнографикалық экспедициясы ғалымдарына жолығып, мақсатымды, карталарымен танысқым келетінін айттым. Бірақ олар «аса құпия құжаттар» деп жуытпады. Тек қана Л.М. Левина сол жылы Жетіасар ескерткіштерін зерттейтін экспедиция құрып жатқанын айтып, мені оған қатысуға шақырды. Құр қарап жатпай өздігімнен әрекет жасап, Қызылорда облысында қатысты жарияланған картографиялық құжаттарды жиып, бір жүйеге келтірдім, көп қатпарлы карта сыздым. Осы жұмыс барысында қолданған мәліметтерім мыналар: Хорезм экспедициялық кітаптарында жарияланған ескерткіштер қарталары, жабайы ағаштар мен бұталардың, дәрі-дәрмекті өсімдіктердің, Қазақстан Қызыл кітабына енген жануарлардың өмір сүрген атыраптары, жер асты суларының қоры, «Союзгипрорис» институтының суармалы жерлері, облыстың картасы, 1984 жылы жазда Жетіасарда Левина басқарған экспедиция қазба жұмыстарын жүргізгенде, мен оған белсене қатыстым. Л.М. Левинаның өзі мен сызған картаның үлкен көшірмесін көріп (80см х 120см), оны қоярда-қоймай сұрап алды. Сырдарияның құрғап қалған тармағы Қуандарияның бойында (Қызылорданың солтүстігінде (200ш.) Ленин колкозынан 10-15 шақырым шамасында) ертеде егістік болған 1250 шаршы шақырым тегістікті алып, жер деңгейінен 15-30 метр биіктікте қолдан соғылған жалпы саны қырыққа жуық Жетіасар қалашық бекіністері орналасқан. Олардың бірі –Алтыасар мемлекет дәрежесіндегі ескерткіш болып саналады. Жетіасар қалашық-бекіністері бір-бірінен шамамен 5-6 шақырым аралығында орналасқан. Біреуінің жанында жүрсеңіз қалғандары тізбектеліп көкжиекке дейін көрініп тұрады. (Томпақасар, Үлкен Қосасар, Кіші Қосасар).

Бұлардың арасында өзіндік сәулеті айқыны Томпақасар екі бөліктен тұрады. Әскери қорғаныс бөлігі сырт жағындағы, ал тұрғын үй бөлігі іш жағындағы бөлмелер. Бірінші бөлікке оқ текшелері (бойницы) бар тарұстар (галериялар) және шартарапқа қараған төрт мұнара кіреді. Екінші бөлік 20-25 шақты екі-үш бөлмелі үйлерді қамтиді. Қалашықтар қам қыштардан қаланған,

топтарға бөлінеді, әр топтың таңбасы бар. Бөлмелер әртүрлі деңгейде орналасқан, бір-бірімен басбалдақтар арқылы байланысады. Еденнен 30-35 см. биіктікте қыштан соғылған сыпалар, қазан орындар бар, төбесін жапқан бөренелері сақталмаған.

Л.М. Левинаның пайымынша, «Отырар және Қауыншы (Ташкент аймағы) мәдениеттері Жетіасар мәдениетінен (б.д.д. V-IV ғасырлар б.д. VII-IX ғасырлары тараған Қазақстан және Орта Азия халықтарының сұрапталып (этногенез) қалыптасуына әсер еткен, сондықтан ғылыми-мәдени мәртебесі биік болып саналады. Бұған қоса Жетіасар тайпаларының Солтүстік Кавказ жаққа да қоныс аударғаны тарихтан белгілі. Мысалы, VIII-IX ғасырларда Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ, қанды тайпаларын басқарған Қорқыт ата туралы дастан Жетіасар тарихын аша түсетін сияқты. (Н. Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы. 1991, 65-69 беттер). Мәселен, бекініс ішінде оқ текшелі тарұстардың болуы, бұл қамал кенттердің тұрғындары соғыс әрекетіне бейім болғанын білдіреді. Ал Қорқыт ата кітабындағы сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы соғысуы, Салар Қазан үйін жау шапқаны жайындағы жыр жолдары оларға үздіксіз қақтығыс болғанының айғағы. Тіпті, бас кейіпкер баласына «он алтыға келсең де, садақ тартып, қан төгіп, ержүрек оғыздардан сияпат алмадың» деп сынайды. Бұдан «Қорқыт ата» кітабы Жент, Баршынкенттермен қоса Жетіасар өңірін де қамтиды деген ой туды.

Қазба жұмыстары кезінде Томпақасардың бірнеше қатпарлы мәдени қабаттарын аршып, қалашық-бекіністің жоспарын сызып отырдық. Суреттегі бекініс жоспарын әртүрлі деңгейлі бөлмелерді тұтас, аспалардан (арқа) өтіп аралағанда, оқ-текшелерден үңіліп бір-бірімізді бақылағанда табиғат саясындағы зор театр ойын-сауығының кейіпкері секілді сезінесің, ұмытылмас әсер аласың.

Бекіністің маңында білінер-білінбес қабірлердің орнын қазғанымызда олардың (IV-V ғасырлар) біреуінен 5-6 жасар баланың сүйегі және толық күймеген қыш көзе табылды, ішінде 37 асығы бар екен, оның екеуі алшы және тәуке жақтарынан тегістелген, қырнап өңделген.

Ал екіншісінде 13-15 жасар қыз баланың шалқасынан қойылғаны анықталды. Оның қол-саусақтары зергерлер мыстан соққан бірақ кейіннен оңып кеткен жеңіл алқалар, білезік, сақина, сырғаларға толы. Мамандар мәйітінің желкесінен алақандай матаны тауып алды, киімінен бар қалған осы. Жалпы, қыз бойында әлденеден қорқып тітіркенген діріл сақталған, қалай өмір сүрді, бағұс неден қаза тапты, ол жағы белгісіз. Жанына қойылған сәнді нақышты қазан үлгісінде қақпағы бар сопақ (керамика) табақшаға кезінде қойдың етінен пісірілген тамақ қойылған екен. Қабірлердің мұнан бөлек лағыл тастан жасалған екі ерлер сақинасы (парсы үлгісінде) табылады;

оларды Левина қолорамалына түйіп алып жүретін, алқа-қотан отырып әнгімелескенде көрсететін, ондағы суреттерде жолбарыстар жануарларды тістеп, жұлмалап жатады.

Жалпы, Түркі халқының көрнекті тарихи мұрасы Жетіасар қалашық-бекіністерін, Сыр бойының тағы басқа көптеген әйгілі жәдігерліктерін қалай өркениетіміздің орамына қосып табиғат саясындағы музейлер (музей под открытым небом) тобын құрып, оларды қорғауға, мәдениетті пайдалануға болады ? Бұған картаны қолдану керек. Ол үшін, біздіңше, келешекте скважиналар қазылып, тамшылап суарылатын жерлер (капельное орошение) игеріліп, үлгілі қожалықтар құрылатын күн туса, онда олардың тарихи жәдігерліктері бар мәдинетті алқаптардан орын алғаны орынды. Бұл біржағынан қожалықтардың тез көтерілуіне септігін тигізсе, екінші жағынан ескерткіштерге туристік маршруттар ашуды жеңілдетеді. Ол қожалықтар аграрлы-саяжайлық елді мекендер (агротуризімдік елді мекендер) ретінде сәулеттің жоспарлануы керек. Бұл туралы мерзімді баспа сөзде бұрын да жазған болатынбыз оған қоса бұл көрші келдердің экономикалық-әлументтік қарым-қатынасына қолайлы Иран, Түрікменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қазақстан (Қызылорда, Түркістан), Ресей аралығын қосатын төте даңғыл тасжолдың салынуына ықпал жасап еді. Міне, осы жол түзу сызық бойымен тіке түспей Қызылорда облысының оңтүстігіндегі түркі ескерткіштерін қуалай түгел қамти салынғаны орынды. Ол үшін жер қыртысын қуалай табиғи заңдылықпен түскен кейбір сүрлеу жолдарды қолдануға әбден болады. Ескерткіштердің, табиғаттың сұлу жерлерін аралай салынған жолдарды табиғи-көркем жолдар (парковые дороги) деп атайды. Мұндай жолдардың бірі-Америка Құрама Штаттарында 1934-1937 жылдары салынған Генри Гутсондікі, кейінгі кезде Манхеттен түбегіне дейін ұзартылған.

Бұл жол Американың көркем, сәулетті көрінуіне өз септігін тигізіп келеді. Осындай өркениетті бағдарлама ескерткіштер, табиғат алқаптары арнаулы өлшеммен (критериймен) таңдап алынуы шарт. Бүгінгі күнгі көз қараспен Арал маңына қарасақ, бұл жұмыстарға әлі ерте, дегенмен, көрші елдермен еркін-экономикалық қарым –қатнасқа түсуі, іскер адамдардың кигігуі бұл игілікті істі кездеседі деп үміттенеміз

ҚАСБЕТТІК КОМПОЗИЦИЯ
Фронтальная композиция
Frontal composition



Арыстанбаб кесенесі XX ғ. Оңтүстік Қазақстан
Мечеть Арыстанбаб, начало XX века. Южный Казахстан
Mosque Arystanbab, the XX-th century beginning. Southern Kazakhstan

КӨЛЕМДІ – КЕҢІСТІКТІ КОМПОЗИЦИЯ
Объемно-пространственная композиция
Volume-spatial composition



Абат байтақ кесенесі (макеті)
Мавзолей Абат Байтак (макет)
Mausoleum of Abat Baitak
(maquette)



ТЕРЕҢ КЕҢІСТІКТІ КОМПОЗИЦИЯ

(Үш өлшемді,тереңдікті көрермен аралап жүреді)
Глубинно-пространственная композиция
Deep-spatial composition



АЛЬГАМБРА САРАЙЫ (1238-1504) ИСПАНИЯ
Дворец Альгамбра в Испании (1238-1564)
Palace of Algambra in Spain (1238-1564)





ДӘСТҮРЛІ ҮЙ ЖОСПАРЫ, АУЛАСЫ, **(А.А.ФАРМОНОВ, 2007)**
Двор традиционного дома: план-фрагмент **(А.А.ФАРМОНОВ, 2007)**
Court yard of the traditional house: the plan-fragment **(A.A.FARMONOV, 2007)**

Киіз үй құрылымы
Строение юрты
Yurta structure



d-4.2м – 18 м

Кереге



Шаңырақ.

Шаңырақ



Уықты керегеге байлау.



Уықты керегеге байлау

Туырлық.



Сықырлауық есік

Қанат



Дүние жүзіндегі алғашқы күмбезді ғимарат

Баланды кесенесі б.д.д. IV-II ғ.ғ. ()

Первое купольное здание в мире. Мавзолей Баланды IV-II вв.до н.э. (С.П. Толстов 1960). План-разрез

First cupola building in the world. Mausoleum of Balanda IV-II centuries B.C. (according to S.P.Tolstov,1960). Plan section



КИІЗ ҮЙ ФОРМАСЫНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ
(Ө.ЖӘНІБЕКҰЛЫ, 1986)
ЭВОЛЮЦИЯ ФОРМЫ ЮРТЫ (по У.ЖАНИБЕКОВУ, 1986)
EVOLUTION OF THE FORM OF YURTA (ACCORDING TO U.ZHANIBEKOV,1986)





قازاق كيىز ۇيىنىڭ داموٴى باريسسنداعى وزگەريستەرى

КЛАССИКА ҮРДІСІ

ОРДЕРЛЕРІ

Классический стиль, дорический, ионический, коринфские ордера

Classical style. Doric, Ionian, coryph columns







ДОРИКА ИОНИКА

КОРИНФ



ПАРФЕНОН. АФИНА қаласы (б.д.д. V ғ)

ПАРФЕНОН в АФИНАХ (V в до н.э.)

Parthenon in Athenes (V century B.C.)

Дүние жүзіне әйгілі күмбезді ғимараттар
Всемирно известные купольные здания
World famous cupola buildings



Үндістан, Тадж-Махал, XVII ғ.
Тадж махал в Индии, XVII в.
Tadge Mahal in India, XVII century



Италия, Флоренция Санта-Мария кесенесі, XVII ғ
Здание Санта Мария во Флоренции XVII в.
Building of Santa Maria in Florence XVII century



АҚШ, Вашингтон. Ақ үй, XVIII ғ
Белый дом в Вашингтона. XVIII в.
White house in Washington. XVIII c.

Постмодернизм

Постмодернизм

Postmodernism







Чикаго. Трибюн газеті ғимараты, 1923
Чикаго. Трибюн газеті ғимараты, 1923
Сәулетші А.Люис(жоба)
Х.Холлин (жоба)
Проект здания газеты Чикаго Трибун, 1923 Проект здания газеты Чикаго Трибун, 1923
Архитектор: А.Люис (проект)
Архитектор: Х.Холлин (проек)
Project of building of newspaper Chicago of Tribune,1923 Project of building of newspaper Chicago of Tribune,1923
Architect A.Ljus
Architect A.Hollin

Кешен сәулетшісі Р.Бофилл
Архитекттор комплекса Р.Бофилл
Architect of the complex R.Boffil

Постмодернизм
Постмодернизм
Postmodernism



Постмодернизм үрдісіндегі ғимараттар а – Нью-Йорк АТТ фирмасының офисі, 1978 ж.
б - Хьюстон Республикалық орталық банкі 1979 ж. Сәулетші Ф. Джонсон

Здания спроектированные в стиле «постмодернизм» а – Офис фирмы АТТ в Нью-Йорке, 1978,
б – Республиканский банк в Хьюстоне, 1979. Архитектор Ф.Джонсон

Buildings designed in style of Postmodernism a – Office of firm ATT in New York, 1978, b – Republican bank in Houston, 1979. Architect F.Johnson

Конструктивизм
(негіздері)
Конструктивизм
Constructivism



Криттегі Загора қаласының үйлері, б.з.д. 2000 ж
Қыш тақтайшадағы сурет
Жилые дома г.Загоре на Крите, 2000 лет до н.э. Изображение на керамических плитках
Residential building of Zagor on Crete. 2000 BC. The image on ceramic tiles



Ле Корбюзье каркасы
Каркас Ле Корбузье
Frame of Le Corbjuzje



Мысыр пирамидалары
Египетские пирамиды
The Egyptian pyramids



Савой вилласы, 1931 Сәулетшісі Ле Корбюзье
Вилла «Савой», 1931. Архитектор Ле Корбюзье
Country house Savoy, 1931. Architect Le Corbjuzje

Конструктивизм
(Стиль тобы. Голландия)
Конструктивизм
(группа Стиль, Голландия).
Constructivism
(group Style, Holland)



Суретші П. Мондриан. Геометриялық композиция, 1918 ж.
Художник П.Мондриан. Геометрическая композиция, 1918г.
The artist P.Mondrian Geometrical composition, 1918



Сәулетші Г. Ритвелд Шредер үйі, 1919 ж.
Дом Шредера. Архитектор Г.Ритвельд, 1919г.
Schröder's House. Architect G.Ritveld. 1919.

Конструктивизм



Ауыр форманы жеңілдету
В.Гропиус. Баухауз
жатақханасы
Веймар,1927 ж

Облегчение тяжелой формы.
Баухауз. Архитектор В.Гропиус
Веймар, 1927г.

Unweighting of heavy form.
Bauhouse. Architect V.Gropius
Veimar, 1927



Макет. Жеңіл форманы
(әдейі) ауырлату
3 курс студенті Анна Юрикова
ОҚМУ

Утяжеление легкой формы.
Студент А.Юрикова ЮКГУ

Weighting of easy form.
Student A.Jurikova SKSU

Хай-тек тарихы
История хайтек
History of hitech



Рентгенографиялық сурет құрылымы
Рентгенографический рисунок
Radiographic picture



Киіз үй

Строение юрты
Yurta structure





Көне Австралия өнері
Древне-австралийское искусство
Ancient Avstalisky art



Ле Корбюзье. Жиһаз, 1920ж.
Ле Корбюзье. Жиһаз, 1920ж
Furniture of Le Corbjuzje. 1920

Киіз үй құрылымының сәулет өнеріне ықпалы
Влияние бионических форм на архитектуру
Influence of bionic forms on architecture





Шухов мұнарасы.
Мәскеу,1920
Башня А.Шухова, Москва, 1920
Tower of Shuhov. Moscow. 1920



Б.Фуллер ЭКСПО-67 көрмесіндегі АҚШ ғимараты Канада,1967ж.
Выставка США в Канаде. Экспо-67. Арх.Б.Фуллер
Exhibition of USA in Canada. Expo-67. Architect B.Fuller

Хай-тек тарихы
История хайтек
History of hitech



Чикаго IBM офисі
Сәулетші Мис Ван дер Роэ 1973 ж.
Офис IBM в Чикаго.
Арх.Мис ван дер Роэ 1973
Office IBM in Chicago. .
Architect Mis van der Roe 1973



Шанхай банкі,
сәулетшісі Н.Фостер, 1979.-86 ж ж
Шанхайский банк.
Арх. Н.Фостер, 1986г.
Shanghai bank.
Architect N.Foster. 1986



Хрусталь сарай, Лондон Сәулетші Д.Пэкстон, 1854ж.
Хрустальный дворец в Лондоне. Д.Пэкстон, 1854г.
Crystal palace in London. D.Pekston 1954



Рентгенографикалық сурет. Көне Австралия өнері
Рентгенографический рисунок. Древне-австралийское искусство
Radiographic picture . Ancient Avstalisky art

Хай-тек үрдісі
(Тарихи негіздері)
Стиль Хайтек
Style Hitech.
Помпиду Орталығы
Сәулетшілері Р.Пиано , Р.Роджерс Париж, 1977
Центр Помпиду в Париже. Арх. Р.Пиано , Р.Роджерс Париж, 1977
Center of Pomnidu in Paris





Шығыс үрдісі
Восточный стиль
East style



Бұхара көшесінің көрінісі
Вид улицы Бухара
View of street of Bukhara

Моншалар
Бани
Baths



Түркия, XVғ. Иран, XVIғ. (А.С.Уралов, 2004)
Туркия, XVв. Иран, XVIв. (А.С.Уралов, 2004)
Turkey XVcentury Iran XVIcentury (according to A.S.Uralov)

Дәстүрлі ғимараттар жоспарлары тығыз квадрат не төрт бұрыштар құрып, сейсмикалық беріктігін арттырып отырған
Традиционные сейсмоустойчивые здания с квадратными и прямоугольными планами
Traditional seismosteady buildings with square and rectangular plans

Шығыс үрдісі
(модульдік торкөздері)
Восточный стиль
(модульные сетки)
East style
(Modular grids)



Балқия әдісі мен күмбез көтеру, VI ғ.
тор көздері 4,5-5 м.
Возведение купола методам Балхи, VI век
(сетка колонн 4,5-5м)
Buiding of cupola by method of Balhi VI century
(grid of columns 4,5-5m)



Нұғымбат кесенесі, IX ғ
Комплекс Нугимбат в Афганистане, XI в.
Complex of Nurimbat in Afghanistan IX century.



Геометриялық тәсілмен күмбез қабырғасының енін анықтау.
Ішкі жағына салынады, XII ғ.
Определение ширины подпорной стены купола геометрическим способам, XII век.
Determination of width of cupola breast wall by geometrical way, XII century

Гауди шығармашылығы
Творчество Гауди
Gaudi's creativity



Испаниядағы Мудехар үрдісі
Стиль Мудехар в Испании
Style of Mudehar in Spain.



Каза Висенс жазғы үйі. А.Гауди
1883-1888ж.ж.
К.Висенс, 1883-1888гг.
построенныйK.Visens's Holiday apartment 1888
Country house «El Caprichio» of A.Gaudi
constructed in style Mudehar, 1883-1885



А.Гаудидің Мудехар үрдісіндегі салған
"Эль Каприччо" вилласы, 1883-1885 ж.ж.Летний дом
Вилла "Эль Каприччо" А.Гауди,
в стиле Мудехар, 1883-1885



А.Гаудидың сәулет ғимараттарының деталдары
Түркістандағы Қожаахмет Яссауи кесенесінің
деталдарына ұқсайды
Details of A.Gaudi's building are similar to details
of architectural complex of Ahmed Jasavi.

Гауди шығармашылығы
Творчество Гауди
Gaudi's creativity



Испания. Барселона Саграда фамилия кесенесі.
Құрылысы 1881 жылдан бері жалғасуда.
Комплекс Саграда фамилия в Испании



Кешен фрагменті
Фрагменты комплекса
Complex fragments.

Мұндай жай шетелдер мәдинетіне де тән. Мысалы, шығыс үрдісін молынан қолданған Испан сәулетшісі Антонио Гауди еңбектерінің (1852-1926) туристерге тартымдылығы, заманауи сәулет негізгін қалаушы Ле Корбузьеден көш ілгері, қазір Алматыдан Барселонаға арнаулы туристік бағытпен ұшақтар қатынайды, олардың тамашалайтыны – А. Гаудди салған ғимараттар ансамблі. Шығыс үрдісінің зор мүмкіндіктерін атап көрсету үшін Испан сәулетшісі А. Гаудидің шығармашылығына қысқаша тоқтала кетеиік. 1883-85 жылдары Гаудиге ықпал еткен жоғары сәулет оқу орны профессоры Жозепе Виласки болды, ол сәулет өнерінде қол өнердің (сәндік өнердің) элементтерін кеңінен қолдану туралы көп насихаттады. Испаниядағы ең тартымды өнер - Мудехар үрдісі болатын (Пириней бұғазында тұратын мұсылмандардың керемет сәулет өнері), олар Шығыс пен европа өнерін үйлестіре білді. Тіпті Мудехар өнерін испан ұлттық өнерінің бастауы болды деген ресми пікір қалыптасқан. Гауди Мудехар өнерін қолдана отырып, Эль Каприччо және басқа да виллалар салды. Гаудидің кейбір сәулет детальдары Ол жұмысты бастамас бұрын қажетті форманы көре біледі. Қайта өрлеу дәуіріндегі Флоренция ұсталарының бәрі теміршілер еді, олар тегіс жерге керемет форма беретін тұлғалар болды». Гауди қол өнер ұстасы еді. Оған дейін конструкциясы бір бөлек, сәндеуі бір бөлек болып келген Гауди ғимараттарына жан бітіп, оның формаларында ғажайып бірлестік пайда болды. Жоғары самғаған керемет ғимараттарға үндесе қаланған тастары табиғат жаратқандай әсерлі болды. Ол өмірінің соңына дейін Саграда Фамилия католик шіркеуін салып өтті,оның құрылысы ары жалғасуда. Бұл шіркеу үшін ол Готикаға бүкіл Шығыс үрдісінің, өнерін төкті. Қазіргі кезде Гауди нысандары Юнеско тарапынан бүкіл әлем сәулет өнері кереметтері ретінде тізімге алынған, туристер құжынаған ордаға айналды.

Композиция бастауы

Кеңістікті-көлемді композиция - ғимараттар сәулетінің негізі болып саналатыны мәлім. Бұл тараудың мақсаты - ерекше дүниетанымды сәулет дизайнерлік шешім табу үшін (студенттерге) көмектесу. Сәулет әдістемесінде композиция түзудің сан қилы әдістері бар: тарихи формаларды негізге алу, геометриялық комбинаторика, бионика, символдар қолдану т.б. Бұл жерде біз негізінен композицияда тарихи формаларды қолдану туралы баяндаймыз. Сәулетшілердің көп томдық жахан сәулет өнері тарихын іздеп оқитыны, қызықты әсерлі композициялық шешімді қайта қолданатыны белгілі, өйткені тарихи ғимараттың көркемдік шешімі ғасырлар бойы қалыптасқан, жұртшылық оны мойындаған, құрылыс-технологиясы дамыған. Мысалы Пизан мұнарасы қиғаш ерекше орналасқаны үшін дүние жүзіне мәлім. Бұл форманың композициялық үстемдігін Ленин мінберін жобалау үшін кеңес дәуірі сәулетшісі Эль Лисицкий ұтымды пайдаланды. Ол метал конструкциялардан жасалып, қиғаш орналасқан, конструктивизм үрдісінде жасалған. Бұл жерде Эйфель мұнарасының композицияға ықпалы көзге оттай басылады, Лениннің алға ұмтылған (жалғасы 51 бетте)

Арабстандағы
әл-Малвия мұнарасы .X ғ.
Башня аль-Мальвия в Аравии,
X век.
Tower Al – Malvija in Arabia,
X century.



Л. Татлин мұнарасы. 1919 ж.
Башня Л.Татлина, 1919г.
L.Tatlin's Tower, 1919.





Мадрид "Европа дарбазасы"алаңындағы жұп композиция.
